

егемен Қазақстан

«Исі қазақ аман ба, қандастарым!»



Қазаққа бүгін керек тірлік біреу ғана. Ол тірлік не дейсіз бе, айтайық: «Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы», деген еді тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Бұл бар қазаққа, киелі топырағындағы бүгінгі иесіне де, сұм заманда балапан басына, тұрымтай тұсына кетіп, телім-телімі шыққан шеттегі қандастарға да ортақ қағида. Осындай ізгі ниеттен туған, әдемі дәстүрге айналған бір білім сайысы бар еді. Ол «Қазақстан – атажұртым, қасиетім – ана тілім» деп аталатын қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен болатын халықаралық олимпиада еді. Жалпы, бұл олимпиаданың негізгі арқауында – бабалар мекенінен алыста жатқан, әлемнің 40-тан аса елінде тұратын отандастардың, яғни қазақ диаспорасының ұлы мен қызы бабаларының кіндік қаны тамған киелі топырақты қарғадай кезінде бассын, ана тілінің қасиетін ұқсын, ұлт құндылықтарымен ерте танысып, сусындасын, бүгінгі Тәуелсіз мемлекеттің өрісті өркендеулерін өз көздерімен көрсін, сөйтіп, Отан деген ардақты ұғымды саналарына сіңіріп, қанаттары қатайып, бұғаналары бекігенде еліне оралып, үлесін қоссын, ұлт демографиясын дамытуға септігі тисін деген ізгі ниет жатты. Биылғы бір мүшелге толған олимпиада Алматы қаласындағы ғимараттарының төрт құбыласы түгел, төңірегі көз тартатын жасыл желекті «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық орталығында өтті. Білім жарысының салтанатты ашылу сәтінде: Халықаралық Қазақ тілі қоғамының президенті, қазылар алқасының төрағасы, академик Өмірзақ Айтбайұлы атажұртын аңсап келген жастарға жылы шыраймен, ыстық ықыласпен, ерекше мейіріммен сөз арнады: «Атажұртын аңсап келген құлдырандаған құлындарым, қанаттарың талмасын қарлығаштарың, көздері бал-бұл жанған боталарым!» деп, «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы кісі тік тұрып қарсы алатын атасалтпен сексендегі мен сол үлгіні жаңғыртып, ақсақалдық ниетіммен құшақ ашып қарсы алып тұрмын. Осы дидарласуды сол бабалардың үлгісі деп біліңдер!» деген абыз қазақтың бағы да бақыты болып есептелетін Тәуелсіздік туралы ой тербеп, содан бері 25 жыл уақыттың өте шыққанын тілге тиек етіп, «Асыл қазағымның ұл-қызы, бүгін сендер өмірлеріңдегі ұмытылмас күннің куәсі болып отырсыңдар. Алыс-жақыннан мұнда қазақ тілінің туын көтеріп, бастарыңды иіп келдіңдер. Тіл бәйгесі өз алдына, азат Отандарыңды көру қандай бақыт!» деп сәт-сапар тіледі. Осы игілікті жұмысқа ұйытқы болып отырған «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының зертхана меңгерушісі Зәуре Аманова олимпиаданың жай-жапсарымен таныстырды. Алғашқы күні жазбаша сынақ тапсырып, екінші күні ауызша сұрақтарға жауап берді. Жазбаша жұмыста да, ауызша жауап бергенде де оқушылар шетінен атажұртқа деген ілтипаттарын, сағыныштарын айтып, кейде жандарынан шығарған өлеңдерін оқып, жүрек тербетер мұнды әнді де әуелетіп айызды қандырды. Өзге жұрттардың әліпбиімен сауат ашқан, білім стандартымен оқыған, оқу құралдары да өзгеше бола тұра, түп қазығы саналатын ана тіліне ынталары бөлек екені сүйсінтті. «Исі қазақ аман ба, қандастарым», деген моңғолиялық үлпіршіктей Кәдіртаң Марғұланқызы «Атажұртым аңсап жеттім алыстан, Атамекен жыр қалықтап, ән ұшқан», деп сөз соңын түйіндеді. Сынақтан бос кезінде оқушылар Алматы қаласының көрікті жерлерін аралап, Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ драма театрында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» қойылымын тамашалады. Білім бәсекесінің қорытындысын академик Өмірзақ Айтбайұлы бастаған төраға мен профессорлар Қ.Ергөбек, Т.Баймолдаев, Н.Мұхаметжанұлы, филология ғылымдарының кандидаттары Г.Айтбаева, А.Досыбаевалар саралап, Білім және ғылым министрлігінің I дәрежелі дипломын К.Марғұланқызы бастаған үш оқушыға, II дәрежелі дипломды А.Күнтуған секілді бес талапкерге, III дәрежелі дипломды К.Хұмырзах тәрізді жеті үміткерге берді. Қазылар алқасының мүшесі, белгілі алаштанушы ғалым, «Арыс» баспасының директоры Ғарифолла Әнес тіл білімі алыптарының көлемді жинақтарын тарту етті. «Қазақ тілінен асқан құдірет жоқ десек, біз үшін бұл сыйлықтың ең үлкені болды. Қолымыз жете бермейтін Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, Қ.Өмірәлиев, Ө.Айтбайұлы, өзге де оқымыстылардың тіліміздің төрт құбыласын түгендеген еңбегі өзіміз күн кешіп жатқан мемлекеттерге барғанда, қазақ ұрпағы үшін таптырмас құрал болары айдай анық», дейді Қытай мемлекетінен келген Қозыхан Сабырұлы. Алыста жүрген ағайынның ұрпағына арналған бұл олимпиада бұрын дүрілдеп өтетін еді. Өйткені, айтулы шара еліміздегі олимпиадалар тізбесіне тіркелген, қаржы жағы да қарастырылған. Бірақ биыл солғындау болғанын несін жасырамыз. Оған бір себеп, олимпиада алғаш Ақтөбеде өтуі тиіс еді. Ондағы жағдай мұрсат бермеді. Сондықтан рухани астанадағы «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы таңдап алынған. «Бөбек» орталығының ұжымы қолдан келгеннің бәрін жасады. Әйтсе де, өңірдің білім саласына жауапты басшылар мен қосшылар қаламызға алыс-жақыннан ұлт ұрпағы келіпті деп не ашылуына, болмаса жабылуына атізін сала қоймады. Бұрынғы жылдары Астанада болғанда Сенат пен Мәжіліс депутаттары қабылдап, елім, жерім деген оқушылардың мерейін өсіретін. Облыстарға барғанда аймақ әкімдері қарсы алып, жылы құшағын ашатын. Жүрек жылытар сөздерін арнайтын. Өңірде қалып жоғары оқу орындарында, болмаса колледждерде білім аламыз дегендерге мүмкіндік жасап жататын. Бір мысал келтірер болсақ, киелі Тараз жеріне атбасын тірегенде қадірлі Шерағаң, қайсар қаламгер Шерхан Мұртаза: «Шетелдегі қандас қазақ балаларымен елордада, Мәжіліс депутаты болып жүргенде жүздесіп едім. Енді, міне, киелі топырақта кездесіп отырмын. Өзге елде, өзге тілде білім алып жатса да, өз тілін құрметтеген бұларды нағыз ұлт патриоты деу керек. Осыған ұйытқы болғандар атажұртына

ботасын шақырып, атасына «Ал келмей көр», деп жүргендей әсер қалдырады маған», деп сол тұстағы облыс әкімі Бөрібай Жексенбинге: «Бөрібай мырза, байқадың ба, бұл жастар бізге қарап жалтақтап тұр. Аркасын тіресін, нық тұрайық» деген. Сол кезде біздің ойымызға Алаш арысы Жүсіпбек Аймауытұлының; «Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, әне, Германия, Жапония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлттым» деп өседі. ...Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек... Қазаққа, аюдай ақырған шенеунік табылуы оңай, ерінбей-жалықпай, бақырмай, шақырмай, іс бітіретін, терісі қалың, көнбіс, табанды қызметкер табылуы қиын. ...Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды», деген сөзі оралып еді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары аясында «Халықтың көші-қоны туралы» заңға өзгерістер енгізіліп, этностық қазақтарға, яғни отандастарымызға жеңілдіктер қарастырылғаны белгілі. Біз әңгіме арқауына айналдырып отырған халықаралық олимпиада негізінде елдік мәселе жатқаны анық. Әсіресе, байтақ жеріміздегі халқымыздың санын арттыру басты ойдың алтын арқауы екені де түсінікті. Әр жыл сайын ондаған бала атамекенде қалып жатса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Егер елім деп келген осы ұл мен қызға жете көңіл бөліп атажұртына алып қалып, өңірлік квоталар бойынша оқу орындарына жіберу жайын ойластырсақ, ұтылмас еді. Олар бұл ұсынысқа ешқашан қарсы болмайды, болған да емес. Әңгімеге тартқанымызда елуге тарта оқушының қай-қайсысы да қазақтың киелі жерінің бәрі өздеріне жаттығы жоқ екендігін айтады. Осыған дейін білім сайысының жеңімпаздары ретінде қазақ топырағындағы жоғары оқу орындары мен колледждерде білім алған жүздеген жас ел дамуына өз үлестерін қосумен қатар, біразы ұлттық демографиямызға да септесіп жатқанын айта кетсек дейміз. Олимпиада өткізу идеясы 1996 жылғы Президенттің «Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы» деген Жарлығынан бастау алып, 1998 жылы Үкімет Қаулысын жүзеге асыруда «Дарын» орталығының сол кездегі басшысының (Т.Битуова) ұйытқылығымен, Білім және ғылым министрлігінің (Ж.Күлекеев) қолдауымен олимпиада жұмыс істей бастаған еді. Ендігі жерде осы әдемі шараны, ұлт тілінің алтын арқауын үзбеу ниетіндегі жұмысты билік тізгінін ұстаған азаматтар, әсіресе, Білім және ғылым министрлігі шеттегі 5 миллион қазақ ұрпағын елге тарту жұмысы қай-қайсымызға да міндет десе, атүсті қарамай, «Шамам келгенше қазақ жанына қабысуға тырыстым» (М.Жұмабаев) дейтін кісі табылса 13 жылдан бергі алтын арқау ұзара берері күмәнсіз. Бұлай деуімізге себеп, жылда өзге елдерден 12 сыныпты бітіріп келгендерге ұлт пен ұрпақты бөліп қарамайтын жоғары оқу орындарының басшылары қамқорлық қолын созатын еді. Биыл тек қана Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті 4 грант тағайындап, оны іргелі оқу орынының Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры, экономика ғылымдарының докторы Невзат Шимшек Қытай мен Өзбекстаннан келген үміткерлердің қолына табыс етті. Осы олимпиада басталғаннан бері бауырлардың балаларын оқыту ісіне келгенде Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті ректорының грантын алуға көп күш салып жүрген Алаш рухты азамат, сол білім ордасының профессоры Құлбек Ергөбек екенін айта кетуді парыз санаймыз. Осы арада мына бір байламдарымызды да айта кетсек дейміз. Бұрын Қытайдағы ағайындардың балалары тіл жағына келгенде шетінен жорғадай жүйткіп тұратын еді. Қазір кейбіреулерінің тілі мүкістене бастапты. Уақыт өте келе КСРО заманындағы біздің күйді кешер ме екен деген күдік көкейден кетпейді. Бір кездері қазақ жырының шоқтығы биік шоңы Әбділда Тәжібаев: «Басыма кидім ақ қалпақ, Оюлап шетін сырғызған. Менің де бетім жап-жалпақ, Айырмам қайсы қырғыздан?», деген іргедегі бір туған қырғыз жұртынан келген қазақ балалары ана тілінен мүлдем мақұрым қалған десе де болғандай. Абайды біледі, Айтматовты айтады, Мұхтар Әуезовті танымайды. Ақиық ақын Қадыр Мырза Әлі: «Мен бөтендік байқамадым, Қырғыз-қазақ түрінен. Біз ұмытқан қазақ сөзін, Табам қырғыз тілінен», деп еді бір кездері. Қазақ қырғызбен түрі бір ұрпағымыз, уақыт өте келе тілден жұтап, сіңіп кете ме деген ой сол тұста мазаны алғаны хақ. «Мектеп жоқ, біз үшін ұят, қайтеміз енді», дейді Уматкүл Бралкиева. Қалай екенін қайдам, Ресейдің Қосағашынан келген балалар сергек, бойларында қан бар, тілге деген құрметтері бөлек. Иә, оларда да мектеп жоқ. Өз ағамыз саналатын өзбектен жеткен Базаргүл Ертаева 1,5 миллион қазақтың атынан келгенін алға тарып, ол жақтағы өзге ұлт балалары 1 мен 9 сынып аралығында кириллицамен оқитынын, одан кейін білім алуды қай ұлттың ұл-қызы болса да тек өзбек тілінде, латын жазуымен колледжде жалғайтынын айтты. Жоғары оқу орындарында да сол тәсіл екен. «Біз, бұл қалай дей алмаймыз. Мемлекеттік тілді сыйлауың керек. Сол үшін бастауыш сыныптан кейін өзбек тілінде оқуға, латын әрпімен жазуға дайындала бастаймыз. Ұмтылсаң, талпынсаң бәрін жеңуге болады», дейді ол. Артынан ұрпағымыз ата жұртында, ана тілінде білім алса деген ойын жеткізді. «Қамқор болсаңыздар, Отанымызға қызмет етуге үлкен-кішіміз түгел әзірміз», дейді Ертаев. Қазірше Моңғолия елінен келгендер ғана қазақы қалыпты сақтап тұр екен... Олимпиаданың өн бойында тікесінен тік тұрып қызмет еткен Алматыдағы ұлттық рухтағы екі білім ордасын ерекше атауға болады. Оның біріншісі, Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының ұжымы, оларға жетекшілік жасап жүрген мектеп директорының ғылыми істері жөніндегі орынбасары

Роза Сексенова болса, екіншісі Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған музыкалық мамандандырылған орта мектеп интернатының танымал ұстазы, белгілі күйші Қайырбек Әділов бастаған өнерлі жандар еді. Иә, ана тілім деп атажұртына келген ұл мен қыздың тілдеріндегі кейбір ала-құлалықты көргенде, «Ұлтың ұлт болуына бірінші шарт – тіл», деген Алаш арысы Мағжан Жұмабаевтың сөзі еске түседі екен. Бірінші шарт бітсе ұлт өкілі жұтамай тұра алмайды. Әп-әдемі қызмет атқарып келе жатқан жарысты тілмен ғана шектеп қоймай жаратылыстану пәндері бойынша да өткізуді біраз жылдан бері көтеріп келе жатқан едік. Өйткені, математика, физика, химия, биология секілді пәндерден дарыны асқан қазақтың жас таланттары алыстағы ағайындар балаларының арасында да мол екеніне еш шүбә келтіре алмайсың. Соларды атажұртына тартып, жаһандану заманының тегершігіне айналған техниканың бастау басы саналатын пәндер арқылы да бауырға басу жөнінде талай ой қозғаған болатынбыз. «Кітап жазып, газет-журналға мақала шығарып, Алашқа қызмет қылмасақ, басқа жол бөгеулі», деп ұлтын қайтсем өркениет жолына түсірем деген Әлихан Бөкейхановтың бұл сөзінің қазір алды ашық бөгелмейді. Өйткені, заман келбеті өзгерді. Тәуелсіздікке қажеттің бәрін жасау өз қолымызда. Мұны Елбасы жақында ғана өткен индустрияландыру бағытының жүзеге асырылу қорытындысында таратып айтқан болатын. Осындай алып идеяға шеттегі 5 миллион қандастарымыздың үлкенін де, кішісін де тартсақ, тағылымды ол іс дәстүрге айналса, қане. Сонымен, қандас бауырлардың бабаларына арналған бұл халықаралық олимпиада алдағы жылы жоғары дәрежеде өтеді, оған тиісті мекемелер, оның ішінде талантты балалардың алтын тұғыры саналатын «Дарын» орталығы дара қимыл көрсетеді деген үкілі үмітке табан тірейік.

Сүлеймен МӘМЕТ